

Хаттама № 1

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2022 жылдың 30 қыркүйегі күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиісті –40

Қатысқаны –35

Дәлелді себептермен қатыспағаны -5

Күн тәртібінде:

1. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар қиын оқушыларды анықтау және оларды психологиялық тұрғыда зерттеу, педагог кадрлардың арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын алуға байланысты атқарылатын жұмыстар. /П. Үргенішбаева/
2. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы. / А. Сүйеубаева/
3. Электронды журналды толтыру және ҰББДҚ базасына мәліметтер енгізу жұмыстары туралы. /Г. Қосбанбетова/
4. Мектеп оқушыларының 2022-2023 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындық барысы, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шаралар, үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы. / А. Сүйеубаева/
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. /С. Кәрібай/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы П. Үргенішбаева сөз алып өз сөзінде: Қоғам өмірінің барлық салалары көптеген өзгерістерге, бұрынғы мінез-құлық нормалары құлдыруға ұшырап жатқан кезде девиантты мінез-құлық мәселесі еліміздегі ерекше өзекті мәселе болып тұрғанын, сондықтан жасөспірімдердің жат мінез-құлықтарымен күресу мәселелері елімізде алдыңғы қатарда тұрған күрделі мәселе болып тұрғанын тек мектеп психологы емес пән мұғалімдерді де сабақтарында мінез-құлқында өзгешелік байқалған баланы, сабақтан көп қалатын, ашуланшақ білім деңгейі төмендеп ұстазды сабақта тыңдамайтын оқушыларды байқасаңыздар мектеп психологы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға ескертулеріңізді сұрайтынын психолог тарапынан мектеп оқушыларын алдын алуға мақсатында дәріс оқып, сауалнама, тесттар алынып жатқанын баяндады.

Ұсыныс: Мектеп оқушыларының арасында танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі үйірмелерге тартылса.

Екінші мәселе бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы қосымша білім беру маманы А.Сүйеубаева: 2022-2023 оқу жылының басты міндеті-білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне негізгі пәндер бойынша бақылау жүргізу ұсынылған болатынын және сол бойынша жоспар құрылып жұмыс жасалған болатын.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

1. Пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;
2. Оқу-танымдық іс- әрекетіндегі олқылықтар;
3. Оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттердің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
4. Эмоционалды қолайсыздық.

Білім алушының біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында педагогте:

-білім алушының артта қалу себептеріне, оның жеке жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;

-жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу.

-жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;

-жүйелі кері байланыс ұйымдастыру ұсынылады.

Біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін пайдаланып, білім беру платформаларын қолдану керек екенін айтты.

Ұсыныс: Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында артта қалу себептерін, оның жеке жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін пайдалану пән мұғалімдеріне міндеттелсе.

Екінші мәселе бағдарлы білім беру ісінің орынбасарының міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетова : Электронды журналды толтыру және ҰББДК базасына мәліметтер енгізу жұмыстары туралы шығып сөйлеп, электронды журналдан күнделікті мәлімет алынып, бақылау жұмыстары жүргізіліп отырғандығын, уақытылы сабақтарын толтырмаған мұғалімдерге ескертулер жасалып кемшіліктер уақытында орындалғанын атап өтті. Қыркүйек айына тоқталар болсам алғашқы екі аптада пайыздық көрсеткіштеріміз төменгі пайызды құраған болатын. Алдағы уақытта мұқият болып жауапкершілікпен жұмыс жасайтынын айтты.

Соңғы аптадағы аудандық статистика бойынша 100 пайыз толтырған мектептер қатарында болдық. Электронды журналда мемлекеттік құжат, сондықтан мұқият толтырып отырған дұрыс екенін айтып өтті.

ҰББДК базасына мәліметтер енгізу жұмыстары туралы уақытылы жүргізіліп, мұғалімдер туралы мәліметтер жаңартылды. Контингент бойынша оқулықтар да жаңартылды сондай-ақ мектеп почтасымен қатар 7 мұғалімнің де жеке почтасы тіркелді. Күнделікті қарап өзгерістер уақытылы орындалып отырғанын баяндады.

Ұсыныс: “Kundelik.kz” электронды журналын талапқа сай, уақытылы толтыру пән мұғалімдеріне міндеттелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектептің қосымша білім беру маманы А. Сүйеубаева өз сөзінде мектеп оқушыларының 2022-2023 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындық барысы, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шаралар, үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы баяндады мектебімізден

Алдағы уақытта жетекші мұғалімдеріне ғылыми жобаның дайындық жұмыстарын жан-жақты ұйымдастыру міндеттеле отырып, биылғы оқу жылына арналған дайындық кестесі жасалынып, бекітілді. Ғылыми секциялар бойынша 2022-2023 оқу жылында қорғалатын зерттеу жұмыстары

Р/с	Ғылыми жоба тақырыбы	Секциясы	Қорғайтын тілі	Жетекшісі
1	Отбасылық бюджеттегі математика	Математика	Қазақ тілі	Елепберген Ертуған
2	«Ақпараттық қауіпсіздік»	Информатика	Қазақ тілі	Қосбанбетова Гүлжазира
3	Литература и телевидение	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі	Асанова Жанайым
4	«Асқабақтың емдік пайдасы»	Биология	Қазақ тілі	Ысқақова Арайлым
5	«Туған жерімнің мақтаныштары»	Бастауыш	Қазақ тілі	Аханова Бағымкүл
6	Бизнес және математика	Математика	Қазақ тілі	Сердалиева Мерует
7	«Күн гүлі»	Тарих	Қазақ тілі	Бөлебаева Бақыткүл
8	«Текстология және оның білім беру саласындағы рөлі»	Қазақ тілі	Қазақ тілі	Жарболова Айбарша
9	Менің меоторологиялық станциям	География	Қазақ тілі	Кеулімжай Әлия
10	Қазақтың ұлттық ойыны – Асық	Дене тәрбиесі	Қазақ тілі	Жарболов Самат

Балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын жұмыстар туралы баяндап, жылда өткізілетін «Ақбота», «Мың бала», «Іқанат», «Русский медвежонок», «Золотое руна» басқада сайыстарға қатыстырылу керек. Іқанат олимпиадасына 8- сыныптан 8 оқушы ұсынылды 1-13 қараша аралығында өткізіледі сондықтан оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізуді айтып өтті.

Олар:

Р/с	Аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	Барлық оқушы саны
1	Әуес Мадина	№238 орта мектеп	8	8
2	Әуесхан Жанарыс	№238 орта мектеп	8	
3	Елтай Балнура	№238 орта мектеп	8	
4	Есет Сержан	№238 орта мектеп	8	
5	Жарылқасын Нұрғиса	№238 орта мектеп	8	
6	Қаралпақ Нұржан	№238 орта мектеп	8	
7	Өмірбек Айым	№238 орта мектеп	8	
8	Шахмерден Наз	№238 орта мектеп	8	

Қоғамдық негізіндегі үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы айта келіп, мектепте 22 үйірме құрылғанын атады.

№238 орта мектетің 2022-2023 оқу жылындағы сыныптан тыс үйірмелер туралы мәлімет

№	Үйірменің атауы	Бағыты	Қатысушылар саны	Өткізу кестесі	Жетекшісі
1	«Ұлт мұрасы»	Тарих	10	Жұма	Бөлебаева Бақыткүл
2	«Жас өнертапқыш»	Информатика	10	Бейсенбі	Қосбанбетова Гүлжазира
3	«Funny English»	Ағылшын	8	Дүйсенбі	Әлім Акерке
4	«Жас математик»	Математика	10	Жұма	Сердалиева Меруерт
5	«Қызықты География»	География	11	Сәрсенбі	Каримова Өркен
6	«Қаламгер»	Қазақ тілі	10	Дүйсенбі	Ұзақбай Әлия
7	«Қызықты физика»	Физика	8	Жұма	Калекеева Гүлшат
8	«Занимательная грамматика»	Орыс тілі	9	Сейсенбі	Асапова Жанайым
9	«Жасыл желек»	Биология	9	Бейсенбі	Ысқакова Арайлым
10	«Алтын сақа»	Қазақ тілі	10	Сәрсенбі	Жарболова Айбарша
11	«Жаратылыстану жұмбақтары»	Жаратылыстану	10	Сейсенбі	Қожақметова Айбек
12	«Ғажайып химия»	Химия	10	Жұма	Ізбасаров Әділет
13	«Easy English»	Ағылшын	10	Дүйсенбі	Курманшаева Арайлым
14	«Домбыра» үйірмесі	Ән	6	Сейсенбі	Кеулімжай Әлия
15	«Алаш»	Дебат	12	Жұма	Жарболова Айбарша
16	«Балалар және театр»	Театр	10	Сәрсенбі	Ізбасаров Әділет
17	«Жас сарбаз»	АӘД	10	Бейсенбі	Әбжәли Нұртілек
Дене тәрбиесі пәнінен «Сергектік» үйірмесінің тізімі					
18	«Стол теннисі»	Дене тәрбиесі	10	Сейсенбі	Әбдімұратов Нұрболат

19	«Жеңіл атлетика»	Дене тәрбиесі	7	Дүйсенбі	Жарболов Самат
20	«Дойбы»	Дене тәрбиесі	7	Сәрсенбі	Әбдімұратов Нұрболат
21	«Тоғызқұмала»	Дене тәрбиесі	6	Жұма	Әбдімұратов Нұрболат
22	«Футбол»	Дене тәрбиесі	10	Сейсенбі	Жарболов Самат
Оқушы саны			193		

Қазіргі таңда осы үйірмелер уақытылы, талапқа сай жұмыс жасауда.

Ұсыныс: Мектеп оқушыларының 2022-2023 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындық жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіліп, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шаралар, үйірме жұмыстарын өз мәнінде жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсе.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Кәрібаев Самалхан баяндап өтті.

Жедел қызметтердің деректері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың жарақаттануы және қаза болуы көбінесе өрт шығу, жол жүру ережелерінің бұзылуы, өзен-көлдерде шомылу, жұқа мұзда конькимен сырғанау, ойын кезінде орын алады. Қауіп табиғи апаттардан, уландырғыш заттардан, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасаудан және т.б. туындайды.

Балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті.

Күнделікті өмірде балаларды қауіпсіздік дағдыларына үйрету қажет:

- баламен әңгімелесіңіз, өмірді сақтауға көмектесетін ережелерді түсіндіріңіз;
- балаларға тұрмыста, көшеде және жолда өзі-өзі дұрыс ұстауға үйретуде үлгі көрсетіңіз;
- мектепке дейінгі ұйыммен байланыста болыңыз: топ тәрбиешілерінің, әдіскердің, мектепке дейінгі ұйым басшысының байланыс телефондарын жазып алыңыз;
- баланың күні бойы қай жерде жүргенін білу қажет: бала тәулігіне 24 сағат ата-аналардың бақылауында, қамқорлығы мен назарында болуы тиіс;
- балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыз, балалардың уақыты немен өтетінін бақылаңыз;
- балаға бейтаныс адамдармен сөйлесуге рұқсат бермеңіз;
- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз, тұрмыстық құралдардың, оның ішінде электр жылытқыштардың, басқа да электр жабдықтарының, пештің дұрыс жұмыс істеуін және пайдаланылуын қадағалаңыз;
- көлік жүретін жолға назар аудара отырып, мектепке дейінгі ұйымға дейінгі ең қауіпсіз маршрутты тандаңыз;
- балаларды жолда жүру ережелеріне үйретіңіз, оларды жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуға үйретіңіз;
- қылмыстық жағдайға жол бермеу үшін балаға бағалы заттарды (ұялы телефон, қомақты ақша, зергерлік бұйымдар және т. б.) және мектепке дейінгі ұйымға тамақ апаруға рұқсат бермеңіз;
- балалардың қалталарын, иық сөмкелерін тексеріңіз, балалардың киімінде түйреуіштер болмауы тиіс;
- балалармен ойын немесе спорт алаңдарында болғанда, қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз;
- мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үйдің мекен жайын, телефонын, ата-анасының аты-жөнін білуі тиіс;
- төтенше жағдайларда 101 – өртке қарсы қызмет, 102 – полиция, 103 – жедел көмек, 104 – газ қызметі телефондарына хабарласыңыз.

Ұсыныс: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, басты назарда ұстау сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсе.

Шығып сөйлеушілер:

1. Математика пәнінің мұғалімі - М. Сердалиева: Аудандық олимпиадаға оқушыларымызды тереңдетілген бағдарламалар негізінде үздіксіз дайындап жатырмыз. Қосымша сайттар мен ресурстар, интернет материалдары жеткілікті, қолжетімді. Оқушылардың қызығушылықтары жаман емес. Алдағы уақыттағы нәтижелер көрсетеді деп ойлаймын.

2. Ағылшын пәнінің мұғалімі - А. Әлім: Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Алдағы уақыттар психологиялық ойын немесе сайыс өтілсе және 8-сыныпты да көбірек қатыстырса. Себебі қазір өтпелі кезеңді өткеріп жүрген жасөспірім шақтағы балалардың әр нәрсеге бейімдері мен қызығушылықтары зор екені белгілі ғой. Сондай-ақ қабілеті жоғары балалармен жұмыстар тұрақты назарымызда. Олармен тереңдетілген жұмыстар жүргізуге тырысамыз.

3. Химия пәнінің мұғалімі - Ә. Ізбасар: Олқылықтың орнын толтыру мақсатында сабағымызда байланыстырып өтіп жатырмыз және қосымшаға да шақырудамыз. Өте артта қалып, кемшін жүрген, тыс қалған балалар жоқ. Берілген тапсырмалар мен түсіндірген сабақтарымызды оқушылар жақсы қабылдауда. Біз түсініксіз болған тақырыптарды оқушыларға калайда ұғындырып жіберуге тырысамыз.

Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілердің пікірін ескере келіп, директор жанындағы педагогикалық кеңес қаулы етеді.

Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:

1. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар қиын оқушыларды анықтау және оларды психологиялық тұрғыда зерттеу, педагог кадрлардың арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын алуға байланысты жұмыстар жүргізу мектеп психологі Үргенішбаева Перизатқа міндеттелсін.
2. Мектеп оқушыларының арасында танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі сайыстар мен интеллектуалдық ойындар ұйымдастыру пән мұғалімдеріне жүктеліп, осы жұмысты жүргізу, қадағалау, нәтижелерге бағыттау қосымша білім беру маманы Сүйеубаева Айжанға жүктелсін.
3. ҰББДҚ базасына мәліметтер енгізуді талапқа сай ету, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру барысындағы жұмыстарды үйлестіру, электронды журналды уақытылы толтыруын қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова және бағдарлы білім беру ісінің орынбасары міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетоваға міндеттелсін.
4. Мектеп оқушыларының 2022-2023 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындығын үздіксіз жүргізу, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытындағы шаралар мен үйірме жұмыстарының жүргізілуін бақылау, толымды нәтижелерге жеткізу қосымша білім беру маманы Сүйеубаева Айжанға міндеттелсін.
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, басты назарда ұстау сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға жүктелсін.



Директор жанындағы кеңестің төрайымы:

Хатшысы:

Ә. Кеулімжай

А. Жарболова